



«Freedom Finance Insurance» СК» АҚ
Директорлар Кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
Бағдарлама №7, 05 қыркүйек 2024 ж.
26 қыркүйекте 2024 ж. күшіне енеді

**«Freedom Finance Insurance» Сақтандыру компаниясы»
Акционерлік қоғамының
Автокөлікті ерікті сақтандыру
ЕРЕЖЕЛЕРІ
(Vip бағдарлама шеңберінде)**

Директорлар Кеңесінің шешімімен күші жойылған деп танылған,
№ _____ «__» _____ ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелері	34
2. Сақтандыру объекті.....	56
3. Сақтандыру жағдайларының тізбесі.....	67
4. Сақтандыру Шартын жасасу тәртібі.....	67
5. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі	89
6. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза.....	910
7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	1011
8.Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғанда жасалатын әрекеттері.....	1213
9.Сақтандыру жағдайы басталғанын растайтын құжаттар тізбесі.....	1314
10. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту шешімін қабылдау мерзімі.....	1516
11. Жалпы ерекшеліктері, сақтандыруды шектеу және сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту негіздері	1718
12.Сақтандыру шартын қолдану мерзімі және аясы.	1920
13.Сақтандыру шартын өзгерту және тоқтату ережелері	2021
14. Қоссақтандыру	2122
15. Сақтандыру шартын қолдану кезеңінде, сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары.....	2122
16. Суброгация	2223
17. Форс мажор	2223
18. Өзге шарттар	2223

1. Жалпы ережелері

1.1. Автокөлікті (Vip бағдарламасы шеңберінде) ерікті сақтандыру туралы осы Ережелері (бұдан былай-Ережелер), Freedom Finance Insurance» Сақтандыру компаниясы АҚ (бұдан былай-Сақтандырушы) жеке тұлғалармен (азаматтығына тәуелсіз) және заңды (меншік нысанына тәуелсіз) тұлғалармен (бұдан былай-Сақтанушы) автокөлікті ерікті сақтандыру Шарттарын жасасу тәртібіне және ережелеріне қойылатын талаптарын белгілейді және Vip бағдарламасы бойынша шарт жасасу барысында сақтандыру ережелерін анықтауға бағытталған.

1.2. Осы Ережелер «автокөлікті ерікті сақтандыру» классы шеңберінде құрастырылған.

1.3. Сақтандыру шарты бойынша, Сақтандырушы осы Ережелермен қарастырылған сақтандыру жағдайы басталғанда, Сақтанушыға немесе соның пайдасына сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді .

1.4. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданады:

- 1) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Шарт жасасқан тұлға;
- 2) **Сақтандырылған** – Шартқа сәйкес сақтандырылатын тұлға ;
- 3) **Пайда алушы** – сақтандыру Шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға. Осы Ережелер бойынша, Пайда алушы болып Сақтанушы немесе онымен тағайындалған тұлға табылады. Олар қайтыс болған жағдайда-заңды мұрагерлері.
- 4) **Франшиза** – белгілі мөлшерден аспайтын нұқсанды өтеуден Сақтандырушыны сақтандыру ережелерімен қарастырылғанға сәйкес, сақтандыру төлемдерін атқарудан босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) түрде қолданады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшиза мөлшерінен аспайтын нұқсанды өтеуден босатылады, бірақ, нұқсанды толық өтеуге тиіс, егер оның мөлшері аталған сомадан артық болса. Шартсыз франшиза кезінде нұқсан, белгіленген сомасы шегеріліп, барлық жағдайларда өтеледі;
- 5) **жол** - жердің барлық бұрылма жолағы немесе жабдықталған, икемделген және көлік құралы жүруге арналған, жасанды құрылғының айдыны. Жол бір немесе бірнеше жүру бөліктерін, сонымен қатар трамвай жолын, тротуар, жол жиегін және шекаралық жолақтарын құрайды, бар болған жағдайда;
- 6) **жол жиегі** - тікелей жүру жолағына жанасқан жол элементі, жер төсемінің орнықтылығын, жол жүру қауіпсіздігін жетілдіруді, жол жүрушілердің және велосипед айдаушылардың қозғалысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге, сонымен қатар, төтенше жағдайларда пайдалануға арналған;
- 7) **іргелес аумақ** - жолға тікелей іргелес аумақ және көлік құралдарының тесіп өтуіне арналмаған;
- 8) **жол-көлік оқиғасы** - көлік құралының жолмен/ іргелес аумақпен жүру кезінде және оның қатысуымен туындаған, денсаулыққа зиян келтірген, адам өліміне апарған, көлік құралының, құрылғылардың, жүктердің зақымдануына себеп болған немесе басқа материалдық нұқсан келтірген оқиға;
- 9) **автокөлік құралы** (бұдан былай – автокөлік құралы /АК/КК) – автобус, микроавтобус, жеңіл және жүк машиналары, троллейбус, автотіркемелер, ер қосатын тартқыштың жартылай тіркемесі кіретін автокөліктің жылжымалы құрамының бірлігі, сондай-ақ, арнайы автомашиналар (көліктік емес әртүрлі жұмыстар орындауға бағытталған);
- 10) **КҚ нақты құны (нарықтық құны)** – шығарылған жылы, моральдық және техникалық тозуы ескерілген сол маркадағы КҚ-ның сақтандырылған объектіне балама құны, немесе, жергілікті КҚ сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі нарықтық құнына қатысты, немесе сауда ұйымымен берілген анықтама-шоты, сатып алу-сату шарты немесе сарапшының (бағалаушының) бағалауы негізінде жасалған КҚ құны);
- 11) **бағалаушы** - бағалаушылар палатысымен «бағалаушы» біліктілігі берілген куәлігі негізінде кәсіби қызметін жүзеге асыратын, және бағалаушылар палатысының мүшесі болып табылатын жеке тұлға;
- 12) **жүргізуші** – көлік құралын басқаратын тұлға;

14) **Орталық/ТҚКС** – сақтандырылған көлік құралын қалпына келтіру жөндеуін жүргізетін, мамандандырылған техникалық қызмет көрсету орталығы;

15) **«зілзала апаттар» тәуекелі ретінде**, осы Ережелерге сәйкес, мыналардың нәтижесінде туындаған нұқсан танылады:

- боран, дауыл, құйын:

а) боран – ұзақ және қатты жел, жылдамдығы 20 м/сек. астам;

б) дауыл – ұзақ және қатты жел, жылдамдығы 25-30 м/сек астам;

в) құйын – ұзақ және қатты жел, жылдамдығы 35 м/сек астам.;

- бұршақ.

а) бұршақ – үлкендігі әртүрлі мұз өспелері түріндегі атмосфера шөгінділері;

- найзағай;

а) найзағай — бір заттан екінші затқа (найзағай бұлты) қарама қарсы оқтамымен (жерге) қозғалатын, аса қуатты электр ажырауы. Найзағай кедергінің баяу жолымен қозғалады.

- Жер сілкінуі;

а) жер сілкінуі – жер қабатының шайқалуы және жер асты дүмпуімен қосталатын жер қойнауындағы табиғи процесстер нәтижесі.

- Сел, опырылу, көшкін, жер шөгуі:

а) көшкін – өз ауыртпалығы әсерінен, жер қабаты массасының беткеймен сырғанап жылжуы;

б) жер шөгуі – табиғи құбылыстар нәтижесінде, топырақтың табиғи жіктерге немесе жер қуысына түсіп кетуі, соның ішінде, жер астындағы сулар деңгейінің өзгеруі, карст күмбездерінің опырылуы, шымтезек кенінің өртенуі;

в) опырылу – орнықтылығын жоғалту нәтижесінде, таужыныстарының кенеттен құлауы; тау беткейлерінен тастардың домалауы;

г) сел – лай немесе батпақ-тас ағындарының, нөсер тасқын немесе қар еруі нәтижесінде тау өзендерінің арнасында пайда болуы;

- тасқын, су басу, топан су;

а) тасқын – жылдың әр маусымында дүркін-дүркін қайталанатын, су дегейінің және шығысының қысқа мерзімді ұлғаюымен сипатталатын өзендегі су режимінің фазасы, жауын-шашын немесе жылымық кезінде қар еруі нәтижесінде туындайды

б) су басу, топан су – қар еру, қатты шөгінділер, желмен айдаған сулар, мұз кептелісі, дамба және бөгеттердің қирауы, таужыныстарының өзен арналарына құлауы нәтижесінде судың қалыпты ағуына кедергі жасайтын, су массасының су айдыны шегарасынан шығуы.

16) **Зақымдану** - нәтижесінде көлік құралын қалпына келтіру мүмкін және үнемді деп танылатын көлік құралының зақымдануы, бұл жағдайда, қалпына келтіру шығындары көлік құралының құнынан 80 (сексен) % аспайды;

17) **«Ысырап болу», «Жою», «Толық жойылу»** - қамтитындары: айдап кету/ұрлау және/немесе көлік құралының зақымдануы, егер нәтижесінде, көлік құралын қалпына келтіру жұмыстарының сомасы, көлік құралының құнынан 80 (сексен) % артық болса ;

18) **Интернет-ресурс** – Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық жүйесіндегі Сақтандырушының ресми сайты, орналасқан мекен-жайы: www.ffins.kz.

19) **Серіктестің интернет ресурсы** - Тиісті келісім негізінде Сақтандырушының серіктесі болып табылатын ұйымның, Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық жүйесіндегі ресми сайты.

20) **КҚ онлайн байқау** – Сақтандырушы өкілінің Сақтанушымен (Сақтандырылғанмен, Пайда алушымен) коммуникация жолымен қашықтық режимде, бейнебайланыс арқылы КҚ байқау жүргізуі және КҚ сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдану дәйегін айқындау нұсқаулығына сәйкес, алдағы уақытта Сақтанушымен фототіркеу жүргізу үшін, КҚ байқау процессін Сақтандырушының өкілімен қолдауы, сонымен қатар, КҚ сақтандыруға қабылдауы. Сонымен қатар, онлайн байқау қолдаусыз жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда байқау және фототіркеу ұсынылған нұсқаулыққа сәйкес Сақтанушымен жеке жүргізіледі

21) **Электрондық сақтандыру шарты** – Бірыңғай сақтандыру мәліметтер базасы- (бұдан былай-ЕСБД) арқылы Өтініште берілген мәліметтерді, мемлекеттік органдардың ақпараттық

ұйымдарындағы мәліметтерді салыстыру (верификациялау) әдістері арқылы мәліметтер базасын қалыптастыру және жүргізу бойынша ұйыммен берілген сақтандыру шартының бірегей нөмірі.

22) **Пролонгация - Тараптардың өзара келісімі бойынша, сақтандыру шартын қолдану мерзімін кез келген уақытта ұзарту мүмкін, оның қолдану мерзімі аяқталса да.**

23) **Жазылым –** Сақтанушыға Сақтандырушымен ұсынылатын сервис, сақтандыру өнімінің ерекше ережелерін аталған сервис ресімделген кезең ішінде пайдалану құқын береді.

24) **«Мультидрайв» опциясы –** (КҚ сақтандыру Шартында көрсетілген) көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру Шартына Сақтандырылғандар ретінде кіргізілген жеке тұлғаларға қатысты сақтандыруды ресімдеусіз және Шартқа қосымша келісімге қол қоюсыз жүзеге асыру.

25) **Жеке кабинет —** Сақтандырушының интернет-ресурсындағы Сақтанушының дербес бөлімі, оған кіруге тек Сақтанушының рұқсаты бар. Оған кез келген құрылғы арқылы логин немесе пароль бойынша кіру мүмкін.

26) **КҚ қосымша жабдықтары –** КҚ стационарлы қондырылған (атап айтқанда, монтажды талап ететін) бірақ, зауыт жиынтығына кірмейтін жабдықтар мен аспаптары (теле-, радио- және дыбыс өндіргіш аппаратура, салон жабдықтары, зауыт ЛКП/ әйнек үстіне қапталған, шанақ қорғайтын жабындылары және қабыршықтары, жарық, дабыл беру құрылғылары, спойлерлер, антиқанаттары, табалдырықтары мен қанаттарының жапсырылмалары, тіркеп тарту құрылғылары және КҚ қосымша орнатылған жабдықтары). КҚ тексеру барысында Сақтандырушының және Сақтанушының келісуі бойынша қосымша деп танылған және өтініш-сауалнамада міндетті көрсетілген өзге жабдықтары. Тараптардың келісімі бойынша жабдықтардың жеке түрлері сақтандыру Шартында белгіленген КҚ құрамында сақтандырылуы мүмкін. Қосымша жабдықтар қондырылған КҚ бөлек сақтандырылуы мүмкін емес.

1.5. Сақтандырылғанның пайдасына Шарт жасасу, Сақтанушыны сақтандыру Шарты бойынша міндеттерін атқарудан босатпайды.

1.6. Егер Сақтандырылған болып, заңды тұлға табылса, көлік басқаруға рұқсат берілген, КҚ жол парағына/Сақтанушының/Сақтандырылғанның сенімхатына сәйкес пайдаланатын Сақтандырылғанның жүргізушілеріне (қызметкерлеріне) сақтандыруды қорғау таралады. Сақтандырылғанның аталған жүргізушілері (қызметкерлері) сақтандыру Шартына сәйкес, көлік құралын басқаруға рұқсат берілген тұлғалар ретінде саналады.

1.7. Егер Сақтандырылған болып, жеке тұлға табылса, сақтандыруды қорғау сақтандыру Шартында көрсетілген Сақтандырылғандарға таралады, «Мультидрайв» опциясын қоспағанда .

1.8. Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған, Пайда алушы, сақтандыру кезінде аталған көлік құралын сақтауға мүдделі болуға және КҚ мыналар негізінде басқаруға тиіс:

- 1) Меншік құқы;
- 2) Оралымды басқару құқы;
- 3) Сенімхат бойынша;
- 4) басқа заңды негіздерге сәйкес.

1.9. Сақтанушы болып табылмайтын Пайда алушының немесе Сақтанушының сақтандырылған КҚ сақтап қалу мүддесі болмаған жағдайда, жасалған сақтандыру Шарты сотпен заңсыз деп танылуы мүмкін.

2. Сақтандыру объекті

2.1. Сақтандыру объекті болып, сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде автокөліктің зақымдануы, жойылуы (ысырап болуы) және/немесе жоғалуы салдарынан, Сақтанушының автокөлікті (сақтандырылған объекті) сонымен қатар, сақтандыру шартында келісілген қосымша жабдықтар мен оның қосалқы бөлшектерін иеленуге, пайдалануға, басқаруға байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының мүлктік мүддесі табылады.

2.2. Сақтандыруға Қазақстан Республикасында тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын), сонымен қатар, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын КҚ қабылданады.

2.3. Сақтанушының мүллесі – тәуекелдерді алдын алу және сақтандыру жағдайын болдырмауға

3. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

3.1. Сақтандыру жағдайы - оның басталуы, сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемдерін атқарылуын қарастырады.

3.2. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның, төменде көрсетілген барлық белгілері болуы тиіс:

- 1) Оқиғаның басталу ықтималы және кездейсоқтығы;
- 2) Нақты басталу уақыты немесе басталу жерін, сондай-ақ, оқиға нәтижесінде келтірілетін залал мөлшерін алдына-ала болжау мүмкін еместігі;
- 3) Оқиға Шартты қолдану шегінде шүбәсіз және ақиқатты басталу қауіпінің болмауы, ол туралы Тараптар яки Сақтанушы көріне бұрын білген немесе алдын-ала хабардар болуы;
- 4) Оқиғаның басталуы, Сақтанушының (Сақтандырылғанның, Пайда алушының) мүліктік мүддесіне жағымсыз, пайдасыз экономикалық әсер етеді);
- 5) Оқиғаның басталуы, Сақтанушының (Сақтандырылғанның, Пайда алушының) ерік-қалауына және/немесе арам ниетіне байланыссыз, және пайда табу, және/немесе ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекелі) мақсатын көздемейді).

3.3. Ережелерге сәйкес, сақтандырылуға КҚ келесі оқиғалар нәтижесінде зақымдану, ысырап болу (жойылу) және/немесе жоғалу тәуекелі жатқызылады:

- 1) ЖКО, соның ішінде, жылжымалы немесе жылжымайтын заттарға соқтығу, басып кету (құрылғылар, бөгеттер, құстар, жануарлар және т.б.), көпірден аударылу, құлау, АК бөтен заттардың құлауы (шатыр жабынқышы, ғимарат және құрылыс төбесінен қар, мұздың құлауы, бағана, ағаш, бұтақтардың құлауы, қарама-қарсы көліктің астынан шашыраған тас, қиыршықтар немесе басқа да қатты заттардың тиуі);
- 2) Өрт, жарылыс, найзағай;
- 3) Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері: АК айдап кету/ұрлық, тонау, қарақшылық. Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері ретінде осы Ережелерге сәйкес, ҚР заңнамасымен қарастырылған, құқықбұзушылық және/немесе қылмыстық белгілері бойынша өкілетті органдарымын сараланған әрекеттерін, үшінші тұлғалармен жасалғаны танылады.;
- 4) Зіл-зала апаттар: боран, дауыл, құйын, бұршақ, найзағай, жер сілкіну, сел, көшкін, тасқын, су басу, жер шөгінуді;
- 5) су кубырлары, жылу және канализация жүйелерінің зақымдануы;
- 6) мұз астына кету (көлік құралымен мұз басқан өзендермен, көлдермен және басқа су айдынымен жүруге ТЖМ, әкімшілік, жол полициясы және басқа органдардың рұқсаты бар болған жағдайда);
- 7) Қосымша тәуекел: көлік құралының басқа бөлшектеріне зақым келтірмей, әйнектерін, оптикасын зақымдау, доңғалақ астынан ұшқан тастардан және алдында жүріп келе жатқан көліктен түскен жүк бөлшектерінен көлік құралының зақымдануы, сонымен қатар, жеңіл босатып алатын детальдарының ұрлануы (сыртқы айналары, басы артық сыртқы доңғалағы, эмблемалары, әйнектазартқыштары, антенналары). Аталған тәуекел сақтандыру Шартын қолдану кезеңі ішінде, **бір мәртеден артық қамтылмайды**, Шартпен басқасы қарастырылмаған болса.

3.4. Тараптардың келісімі бойынша және сақтандыру Шартына сәйкес, Ережелердің осы Бөлімінде көрсетілмеген сақтандыру жағдайларынан басқа тізбесі белгіленуі мүмкін.

4. Сақтандыру Шартын жасасу тәртібі

4.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушының ішкі құжаттарымен белгіленген үлгіде толтырылған Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады, немесе Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында тиісті нысаны толтырылады. Сақтанушы онда сақтандыру объекті туралы толық ақпаратты және басқа қажетті мәліметтерді өтініш-сауалнама бланкінің немесе электрондық үлгінің деректеріне сәйкес көрсетуге міндетті. Сақтандыру бойынша өтініш-сауалнамасы сақтандыру Шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

4.2. Сақтандыру шарты жазбаша түрде келесі жолмен жасалады:

- 1) Тараптармен сақтандыру Шартын құрастыру;

2) Сақтанушының осы Ережелерге қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін ұсынуы.

Сақтандыру Шартының және Полистің нысандары Сақтандырушының ішкі құжаттарымен бекітіледі.

4.3. Сақтандыру Шарты/полис Сақтанушымен электронды үлгіде келесі жолмен жасалуы мүмкін:

- Сақтанушының сақтандыру Ережелеріне қосылуы және Шартты Сақтандырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде ресімдеу ;

- Сақтанушының сақтандыру Ережелеріне қосылуы және Шартты Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында ресімдеу;

- сақтандыру Шартын Тараптармен құрастыру және оған екіжақты қол қою өкілеттігі бар тұлғаның электрондық цифрлік қол қоюын куәландыру арқылы.

4.3. сақтандыру Шартын жасасу барысында, Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу ықтималын және сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінде туындайтын болжалды залалдар (сақтандыру тәуекелі) мөлшерін анықтауға елеулі әсер ететін, өзіне белгілі болған жағдаяттар туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

4.4. Сақтандыруға қабылданатын КҚ қатысты сақтандыру тәуекелін анықтау мақсатында Сақтандырушымен қойылған өзге сұрақтарына Сақтанушы жауап беруге міндетті.

4.5. Сақтандырылған КҚ және/немесе қосымша жабдықтар туралы ақпараттың дәлдігіне Сақтанушы жауапты.

4.6. сақтандыру Шартын жасасу алдында, Сақтанушы ҚР заңнамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес, Сақтанушыны, Сақтандырылғанды, Пайда алушыны сәйкестіндіретін құжаттарын ұсынуға міндетті.

4.7. сақтандыру Шартын электронды үлгіде жасасу барысында, Сақтанушының ЕСБД-мен верификациясы болмауы жағдайында, Сақтанушы Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында ҚР заңнамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес, Сақтанушыны, Сақтандырылғанды, Пайда алушыны сәйкестіндіретін құжаттарын енгізуге міндетті.

4.8. Қажетіне қарай, өз ниетіне сәйкес Сақтандырушы Сақтанушыдан талап етуге, ал Сақтанушы сақтандыруға тапсырылатын КҚ қатысты меншік (пайдалану, иелену және/немесе басқару) құқын куәландыратын және КҚ құнын растайтын құжаттарын ұсынуға міндетті.

4.9. сақтандыру Шартын жасасу алдында Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылғаннан) КҚ байқауға және фотосуретке түсіруге мүмкіншілік беруді және қосымша жабдықтармен қамтамасыз етуді талап етуге құқылы. Бұл жағдайда, КҚ байқауды жүргізуі мүмкін:

1) Сақтандырушының уәкілетті өкілі;

2) Сақтанушы (Сақтандырылған) – онлайн-байқау жүргізу үшін Сақтандырушының техникалық мүмкіншілігі және тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндігі бар болған жағдайда.

4.10. Сақтандырушы КҚ және/немесе қосымша жабдықтар туралы Сақтанушының берген мәліметтерін тексеруге құқылы, ал қажет деп тапса, оның нақты құнын және тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында, сараптама тағайындауға.

4.11. сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда, Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандырушы сақтандыру Шартының көшірмесін тапсырады, содан кейін, жоғалған сақтандыру Шарты заңсыз деп танылады және сақтандыру төлемі ол бойынша жүзеге асырылмайды, (электронды үлгіде жасалған Шарттарға таралмайды).

4.12. сақтандыру Шартының ережелері өзгерген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушының өкіліне (оның талабына сәйкес) КҚ байқауға ұсынуға міндетті. Байқау қорытындысы онлайн байқау жүргізген Сақтандырушының өкілімен байқау актісінде көрсетіледі.

4.13. сақтандыру Шарты, егер басқасы онымен қарастырылмаған болса, сақтандыру сыйлықақысы немесе бірінші сақтандыру жарнасы Сақтандырушының банктік есеп шотына немесе кассасына түскен күнінен кейінгі күннен бастап, немесе КҚ осы Ережелердің 4.10.т. сәйкес онлайн байқау жүргізілген датасынан кейінгі күннен күшіне енеді, егер жасалатын сақтандыру Шартының ережелері бойынша КҚ байқау қажетті болса.

4.14. КҚ онлайн байқау, сақтандыру сыйлықақысы төленгеннен кейін жүргізілуі тиіс, егер Шарт ережелерімен КҚ міндетті тексеру белгіленген болса. КҚ тексеру сақтандыру сыйлықақысын

қабылданатын КҚ тексеру сәтіне дейін, сақтандыру Шарты күшіне енбеген болып танылады, және Сақтандырушы Сақтанушының алдында сақтандыру Шартындағы міндеттемелері бойынша жауапты емес, Сақтанушымен төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтару міндеттемесін алмағанда.

4.15. КҚ онлайн байқау кезінде, тәуліктің жарық кезінде және жақсы жасанды жарықта Сақтандырушының өкілімен КҚ байқау жүргізу, фото-бейне суретке түсіру, немесе Сақтанушымен Сақтандырушыға ұсынылатын материалдары келесі талаптарға сай келуі тиісті: фототүсірілім жасалған уақыт және датасы туралы ақпаратты, сонымен қатар, навигацияның жаһандық серіктес жүйесін пайдалану арқылы тіркелген техникалық құрылғылардың орналасқан координаттарын қамтуға; сақтандырылған КҚ сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, ол үшін, КҚ таза күйінде ұсыну қажет (әйтпесе, лак-бояу жабындысының ахуалын дұрыс бағалау мүмкін емес), шанағының VIN нөмірі анық көрінуі тиіс, мотор бөлігіне немесе таңбасы бар кестешесі және басқа ақпараты бар өзге жерлеріне кіру мүмкіндігімен.

4.16. сақтандыру Шарты, Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсын пайдалану арқылы жасалғанда, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын, сақтандыру сыйлықақысы мәулетті төленетін жағдайда), Ережелермен таныстырылғаннан кейін, сол арқылы қосылу Шартын оған ұсынылған ережелерге сәйкес жасасуға келіскенін куәландырып, төлейді.

4.17. Сақтанушының осы Ережелердің және сақтандыру Шартының талаптарымен танысқан дәйегі, Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында электронды үлгіде Сақтанушымен арнайы ту жапсыру түрінде расталуы мүмкін, соның ішінде, сақтандыру төлемдерін электронды нысанда алу үшін қажетті Сақтанушы, Сақтандырылған, Пайда алушының дербес мәліметтерін жинау және өңдеуге келісім алуды қосқанда.

4.18. сақтандыру Шартын электронды үлгіде ресімдеген жағдайда, Сақтанушымен берілген электрондық поштаның мекен-жайына Шарт жасалғаны туралы электронды хабарлама түрінде ұйғарым жолданады. Немесе, мәтіндік қысқаша хабарламалар сервисі арқылы, Сақтанушымен берілген абоненттік нөміріне бір мәртелік хабарлама (бұдан былай- SMS хабарлама) жолданады, бұл жағдайда, Сақтанушының Жеке кабинетінде, жасалған Шарт туралы ақпаратты көру мүмкіншілігі болады. Сондай-ақ, жасалған Шарт туралы ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында, www.ffins.kz мекен-жайы бойынша «Полисті тексеру» бөлімінде, немесе Жеке кабинетте тексеруге Сақтанушының мүмкіншілігі бар.

4.19. сақтандыру Шартын Жазылым бойынша жасасу барысында, Сақтанушы бірінші кезең (сақтандыру мерзімі) бойынша төлем атқарған сәттен сервиске қосылады және келесі кезеңге автоматты түрде ұзартылады. Жазылым төлемі, әр кезең бойынша Сақтанушымен сервис ресімделген кезде белгілеген банктік картасынан (бұдан былай-Карта) ағытылады Жазылым бойынша төлем алынғаны туралы ақпарат, сақтандыру мерзімі аяқталу алдында, бірнеше күн бұрын SMS арқылы Сақтанушыға хабарланады.

4.20. Қаражат жеткіліксіз/болмаған немесе Карта жабылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейін бірнеше күн ішінде SMS арқылы Сақтанушыға ұйғарады, сервисті кезекті кезеңге ұзарту үшін. Төлем ағыту мүмкінсіз болған жағдайда, Сақтандырушы сервисті қолдануды тоқтата тұруға құқылы, бұл жағдайда, сақтандыруды қорғау сервисті қолдану кезеңіндегі төленбеген уақытқа таралмайды.

4.21. Сақтанушы Шарт жасасу алдында Сақтандырушыға хабарлауға міндетті:

- 1) егер, Сақтанушы, (Сақтандырылған, Пайда алушы және/немесе оның үлестес меншік иесі) жариялы лауазымды тұлға, оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылса;
- 2) егер, жеке тұлғаның үлестес меншік иесі болып өзге тұлға табылса (Сақтанушы емес).
- 3) жүзеге асыратын операциялары, қылмыстық және терроршылықты қаржыландыру жолымен алынған табысын заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталмағанын. Қажетіне қарай Сақтанушы, қылмыстық және терроршылықты қаржыландыру жолымен алынған табысын заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында, Сақтандырушымен сұратылған барлық тиісті құжаттарын ұсынуға міндеттенеді .

жағдайы басталғанда, Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады.

5.2. Сақтандыру сомасы оның сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі нақты (нарықтық) құнына тепе-тең

5.3. Сонымен қатар, КҚ бастапқы құны, тозу аударымдары, пайдалану мерзімі, техникалық ахуалы және КҚ тауар түрі ескеріліп, Тараптардың келісімі бойынша нақты құны анықталуы мүмкін.

5.4. Тараптар КҚ сақтандыру шартымен белгіленген нақты құнын дауласуы мүмкін емес, Сақтандырушы Сақтанушымен теріс мәлімет берілгенін дәлелдеген жағдайларын қоспағанда.

5.5. Егер сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы нақты құнынан артық шықса, сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі нақты құнынан артық шыққан сақтандыру сомасы бөлігінде сақтандыру шарты заңсыз болып танылады.

5.6. Сақтандыру сомасы Тараптардың келісуіне сәйкес, келесі шекте белгіленеді :

1) Көлік құралы – КҚ нақты құнынан аспайтын мөлшерде;

2) Қосымша жабдық - қосымша жабдықтың нақты құны мөлшерінде (құнын растайтын құжаттар бар болған жағдайда).

5.7. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы, сақтандыруға қабылданған әр КҚ бойынша шағылған жеке сақтандыру сомаларынан құралады.

5.8. Егер КҚ құны өскен болса, Тараптармен келісілген сақтандыру сомасы сақтандыру шартын қолдану мерзімі ішінде ұлғаюы мүмкін, егер Сақтанушы қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлейтін болса. Сақтандыру сомасының ұлғаюы, сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және жаңа шарт жасасу арқылы ресімделеді.

6. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза.

6.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиесілі сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, Сақтандырушының ішкі құжаттарымен сақтандыру сыйлықақысының ставкасын белгілейтін сақтандыру тарифтеріне, сонымен қатар, Тараптардың келісіміне сәйкес есептеледі.

6.2. Сақтандыру шартымен жалпы сақтандыру сомасы белгіленеді. Сонымен қатар, сақтандыру шартымен әр КҚ және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша, сақтандыру сомасы және сақтандыру тарифтері есебінен сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

6.3. Жазылым бойынша айсайынғы сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушымен ұлғайтылуы мүмкін, егер, Жазылымды қолдану барысында Сақтанушының бірден артық сақтандыру жағдайы басталса.

6.4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы төлем ретінде немесе мәулетті, қолма-қол ақшамен немесе аударым арқылы төлеуге тиіс.

6.5. сақтандыру Шартын бір жылдан кем мерзімге жасасу кезінде, Жазылымды қоспағанда, сақтандыру сыйлықақысы келесі мөлшерде белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Жылдық сақтандыру сыйлықақысына қарасты, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері %
1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0

10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам	100,0

6.6. Сақтандыру мерзімі 12 (он екі) ай құратын бір КҚ бойынша, минималды сыйақысының мөлшері 100 000 (жүз мың) теңге, ал сақтандыру мерзімі бір айлық бойынша - сақтандыру сыйақысының мөлшері 8 000 (сегіз мың) теңге құрайды..

6.7. Сақтандыру шарты шартсыз немесе шартты франшизасымен жасалады, оның түрі және мөлшері Сақтандырушының ішкі құжаттарымен, сондай-ақ, Тараптардың келісіміне сәйкес белгіленеді, және Сақтандыру шартында көрсетіледі.

7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандыру Ережелерімен белгіленген құқықтары мен міндеттерін және сақтандыру ережелерін түсіндіруді Сақтандырушыдан талап етуге;
- 2) Сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асыруды талап етуге;
- 3) Полисті/Шартты келісілген ережелерге сәйкес, мерзімінен бұрын бұзуға;
- 4) Сақтандыру сыйлықақысының өзгеруіне мөлшерлес сақтандыру тәуекелін өзгертуге.;
- 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін атқарудан бас тартуына сотқа шағымдануға;
- 6) Сақтандыру құпиясына;
- 7) ҚР қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ, Полис/Шартқа қайшы келмейтін іс-әрекеттерін жүзеге асыруға.

7.2. Сақтанушы (Сақтандырылған) міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасасу барысында, сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер ететін, өзіне белгілі жағдаяттар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) Сақтандыру шартында көрсетілген АК қатысты жасалған немесе жасалатын өзге шарттар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 3) Сақтандыру шартын қолдану кезеңіде тәуекелдерде болған барлық маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;
- 4) Сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде, сақтандыру сыйлықақысын дер кезінде төлеуге;
- 5) сақтандыру жағдайы туралы алдағы ақпаратты Сақтандырушыға хабарлауға және соңғыға қажетті көмек көрсетуге;
- 6) Сақтандырушыға (соңғының талабына сәйкес), дауларды үшінші тұлғалармен сот алдында немесе сот тәртібінде реттеу бойынша, Сақтанушының өкілеттігін тапсыруға;
- 7) Жазбаша ұйғарым алған сәттен, 7 (жеті) жұмыс күнінен асырмай, Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің толық сомасын қайтаруға, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талап қою мерзімі ішінде, Сақтанушыны және/немесе Пайда алушыны осы Шарттың немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара алу құқынан айыратын жағдаяттар анықталатын болса;
- 8) Сақтандырылған көлік құралын зақымданудан және жойылудан сақтап қалу үшін, барлық ақылға қонымды сақтық шараларын қолдануға, оны қауіпсіз жерде ұстауға және қауіпсіздік талаптары мен шығарушы зауыттың техникалық ережелеріне, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы жол жүру ережелеріне сәйкес пайдалануға;
- 9) Сақтандырушының талабына сәйкес, оның уәкілетті өкіліне КҚ онлайн байқауға рұқсат беруге және Сақтандырушының уәкілетті өкілімен құрастырылған актіне қол қоюға;
- 10) Сақтандыру шартын жасасу үшін, Сақтандырушыға көлік құралы тіркелгені туралы куәлігінің көшірмесін ұсынуға;
- 11) Сақтандырушының уәкілетті өкіліне (соңғының талабына сәйкес), көлік құралының (сақтандыру объектінің) құнын бағалау туралы сараптамалық қорындысын немесе есебін ұсынуға және көлік құралының ішкі және сыртқы зақымдары туралы хабарлауға;

- 12) көлік құралы қараусыз қалған жағдайда, оны жауып, айдап кетуге қарсы дабыл беретін жүйесін іске қосуға;
- 13) Сақтандыру Шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841бабымен қарастырылған негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылатынын растайтын құжаттарды Сақтандырушыға ұсынуға;
- 14) Сақтандыру шартын жасасуға, Сақтандырылғанның/Пайда алушының келісімін алуға;
- 15) Сақтанушыны (оның өкілін) және үлестес меншік иесін/Сақтандырылғанды, қылмыстық жолмен және терроршылықты қаржыланыру жолымен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы ҚР заңнамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес тиісінше тексеру үшін, Сақтандырушыға қажетті мәліметтерді және құжаттарды ұсынуға, соның ішінде, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін;
- 16) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа іс-әрекеттерін орындауға.

7.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Шартты/Полисты қолдану алдында, АК онлайн байқау жүргізуге және байқау актісін құрастыруға;
- 2) Сақтанушы АК байқау үшін, оны Сақтандырушыға тиісті күйінде ұсыну міндетінен жалтарғанда, сақтандыру жағдайы басталғанда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
- 3) Сақтандыру жағдайы басталу ықтималын және келтірілген нұқсан (сақтандыру тәуекелі) мөлшерін анықтауға елеулі маңызы бар жағдаяттар туралы мәліметтерді Сақтанушыдан алуға; Сақтандыру жағдайы басталу дәйегін және келтірілген нұқсан мөлшерін растайтын құжаттарды, қарауы солардың құзырына жататын тиісті мемлекеттік органдардан сұратуға;
- 5) осы Шартпен белгіленбеген қосымша құжаттарды Сақтанушыдан сұратуға, егер, нақты жағдаяттарға байланысты олардың болмауы сақтандыру жағдайы басталу дәйегін және\немесе мән-жайларын анықтауға, сондай-ақ, нұқсан мөлшерін белгілеуге мүмкіндік бермейтін болса. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталу мәселесін қарастыру барысында, Сақтанушының тиісті ұсынатын құжаттар тізімін қысқартуға құқылы, егер шешім қабылдау үшін олар жеткілікті деп тапса;
- 6) сақтандыру жағдайы басталу кезінде, сақтандыру тәуекелін және нұқсан мөлшерін бағалауға;
- 7) Сақтанушыдан Шарт/Ережелердің талаптарын орындауды талап етуге;
- 8) осы Шарттың ережелерін өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге, егер аталған сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына апарған жағдаяттар туралы дәлелді ақпарат алған болса;
- 9) Сақтандыру сыйлықақысын уақтылы алуға, соның ішінде, Жазылым бойынша сақтандыру ресімделген кезде, Сақтанушының Картасынан сыйлықақыны ағытуға;
- 10) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы, дер кезінде хабардар болуға;
- 11) сақтандыру жағдайы басталғанын құжаттай расталуына ;
- 12) сақтандыру жағдайы басталғанына кінәлі тұлғаға талап қоюға ;
- 13) Шартты/Полисті мерзімінен бұрын бұзуға және сақтандыру Шартына қатысты Сақтанушының өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан шеккен нұқсанын өндіріп алуға;
- 14) қылмыстық жолмен және терроршылықты қаржыланыру жолымен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы ҚР заңнамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, Сақтанушыны (оның өкілін) және үлестес меншік иесін/Сақтандырылғанды тиісінше тексеру үшін, Сақтандырушыға қажетті мәліметтерді және құжаттарды Сақтанушыдан талап етуге;
- 15) Сақтанушымен (оның өкілімен) және үлестес меншік иесімен/Сақтандырылғанмен жасалған операцияларын тексеру барысында, Сақтанушының іскерлік әрекеттері қылмыстық жолмен және терроршылықты, жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландыру жолымен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталғаны айқындалған жағдайда, Сақтанушымен іскерлік қарымқатынастарды тоқтатуға;

16) Жазылымды қолдану барсында Сақтанушының бірден артық сақтандыру жағдайы басталған болса, айналыс сақтандыру сыйлықақысын ұлғайтуға, немесе, Жазылым сервисінің мерзімін ұзартудан бас тартуға;

17) Жазылым бойынша айналыс сақтандыру сыйлықақысын азайтуға, Жазылымды қолдану барсында Сақтанушының сақтандыру жағдайы туындамаса;

18) Сақтанушыға смс-хабарлама жолдау арқылы, сақтандыру ережелерін өзгертуге, егер Жазылымды қолдану барсында сақтандырылған объектінің сипаттамасы өзгеретін болса.

2. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтандырушының www.ffins.kz интернет-ресурсында орналастырылған сақтандыру Ережелерімен Сақтанушыны таныстыруға және оның талабына сәйкес Ережелер көшірмесін ұсынуға (жолдауға). Аталған Ережелермен Сақтанушы жеке танысуы мүмкін.;

2) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы ұйғарымын уақтылы қабылдауға;

3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселесін қарауға;

4) аталған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылса, осы Ережелермен/Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

5) сақтандыру жағдайы барысындағы нұқсанды азайту бойынша шеккен Сақтанушының шығындарын өтеуге, бірақ, осы Ережелермен/Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан 5 % асырмай. Қандай болмасын жағдайда, аталған шығындарды өтеу сомасы, сақтандыру жағдайына тап болған АҚ бойынша белгіленген сақтандыру сомасынан асуы мүмкін емес;

6) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

7) Сақтанушы (сақтандырылған) немесе жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарын толық ұсынбаған жағдайда, жетіспейтін құжаттар туралы оларға аталған дәйек анықталған сәттен бес жұмыс күні ішінде хабарлауға;

8) ҚР қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа әрекеттерін атқаруға.

3. Пайда алушы құқылы:

1) Сақтандыру Ережелерімен/Полиспен белгіленген құқықтары мен міндеттерін және сақтандыру ережелерін түсіндіруді Сақтандырушыдан талап етуге ;

2) Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды Сақтандырушыдан талап етуге ;

3) Сақтандыру төлемдерін Шартпен/Ережелермен қарастырылған тәртіпте және ережелеріне сәйкес алуға ;

4) Сақтанушының пайдасына, сақтандыру төлемдерін алудан толық немесе ішінара бас тартуға;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте, Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін атқарудан бас тартуына немесе оның мөлшерін өзгертуіне сотқа шағымдануға;

6) ҚР қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ, Полис/Шартқа қайшы келмейтін басқа іс-әрекеттерін жүзеге асыруға .

4. Пайда алушы міндетті: жазбаша ұйғарым алған сәттен 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға, егер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талап қою мерзімі ішінде, Пайда алушыны осы Шарттың/Ережелердің немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара алу құқынан айыратын жағдаяттар анықталатын болса, соның ішінде, ТҚКС шотында және орындалған жұмыстар актісінде көрсетілген, АҚ қалпына келтіру үшін пайдаланылған детальдар мен жұмыстар тізімі сәйкес келмейтіні Сақтандырушымен айқындалса.

8.Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға басталғанда жасалатын әрекеттері

8.1. Сақтандыру жағдайы басталғанда, Сақтанушы міндетті:

8.1.1.Қалыптасқан жағдайда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, ықтимал нұқсанды азайту немесе алдын алу мақсатында, соның ішінде, АҚ сақтап қалу және зардап шеккен тұлғаларға көмек көрсету шараларын қолдануға;

8.1.2.Қарауы солардың күзкіркіна жататын мемлекеттік уәкіпетті органдарына сақтандыру

1) **ЖКО кезінде** - полиция органдарына (полиция органдары тарапынан құжаттар ұсынылымай, төлем атқару жағдайларын қоспағанда), егер зардап шеккендер бар болса, – жедел көмек көрсету органына қосымша;

ЖКО кезінде, полиция органдары тарапынан құжаттар ұсынылымай, төлем атқару келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- Үшінші тұлғалардың кінәсіздігі;
- Адамдардың өміріне және денсаулығына зиян келтірілмеген;

Егер оқиға қатысушылары құзырлы органдарға жүгінуді талап етсе, және АК толық жойылған жағдайда, Сақтанушы/Сақтандырылған құзырлы органдардың қызметкерлерін шақыртуға және келуін күтуге міндетті, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, оқиға дәйегін тіркеуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген жағдайларда және Сақтанушы/Сақтандырылған құзырлы органдарға жүгінбеген болса, Сақтанушы/Сақтандырылған Сақтандырушының Байланыс орталығына қоңырау шалуға міндетті және Байланыс орталығының жолдаған нұсқаулығына сәйкес, оқиға болған орнын жедел бейнесуретке түсірге, сондай-ақ, аталған бейнесуретті, сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға бойынша онлайн жүгінуге арналған Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастыруға тиісті

2) **Айдап кету, ұрлық, тонау, қарақшылық, басқа да құқыққа қарсы әрекеттері кезінде** - полиция органдарына немесе ішкі істер органдарына;

3) **өрт кезінде** – өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдарына;

4) **Жерасты магистралдық құбырлар жүйесінің суымен автокөлік зақымданғанда** - магистральдардың техникалық ахуалына жауапты өкілетті органына;

5) **Зілзала апат, мұз астына бату кезінде** – төтенше жағдайлар жөніндегі органдарына немесе Қазгидрометке;

6) **АК әйнектері**, оптикасы қарама-қарсы немесе алдағы қозғалыстағы доңғалақ астындағы тастардан немесе багаж бөліктерінен зақымданған жағдайда – Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы өтініш түсіруге;

7) **Жеңіл алынатын бөлшектері** (айналары, сырттағы запас доңғалағы, әйнек тазартқыштары, антенналары) ұрланған жағдайда - полиция органдарына немесе ішкі істер органдарына.

8.1.3. Жеке кабинет арқылы, сақтандыру жағдайы басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша немесе электронды нысанда, толық мәліметтерін көрсетіп, 3 (үш) жұмыс күнінен асырмай хабарлауға;

8.1.4. Психоактивті заттар қолдану дәйегін және мастану халін анықтау үшін, екі сағат аралығында медициналық куәландіруден өтуге (уәкілетті органның өкілі жолдаған жағдайда), және АК сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде сақтап қалуға;

8.1.5. Сақтандырушының талабына сәйкес, көлік құралын байқауға мүмкіншілік беруге.

Сонымен қатар, зақымданған КҚ байқауды Сақтанушы/Сақтандырылған жүргізуі мүмкін, егер ол үшін, Сақтандырушының техникалық мүмкіншілігі және тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндігі бар болса;

8.1.6. Сақтандыру компаниясымен автомобильді жөндеу/ТҚКС келісуге;

8.1.7. Осы Ережелермен белгіленген және сақтандыру жағдайының басталуына қатысты тиісті құжаттарды Сақтандыру компаниясына тапсыруға.

9. Сақтандыру жағдайы басталғанын растайтын құжаттар тізбесі

9.1. Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиғаның басталғанын, келтірілген зиян мөлшерін дәлелдеу үшін, Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемдерін алу мақсатында, өз есебінен жинақтап, Сақтандырушыға келесі құжаттарды тапсырады (қағаз тасымалдаушыда және/немесе электронды/сканерлі түрінде жасалған көшірмелерін):

1) Байланыс орталығының жолдаған нұсқаулығына сәйкес жасалған оқиға болған орнының бейнесуреті тіркелген, сақтандыру жағдайы туралы ұйғарымын ;

2) Сақтандыру шартының көшірмесі және/немесе түпнұсқасы (электронды үлгіде жасасқан Шарттарға таралмайды);

3) Көлік құралы тіркелгені туралы куәлігінің көшірмесі;

4) Сақтандыру жағдайы басталған сәтте, АК басқарған тұлға туралы мәліметтері – жүргізуші

- 5) алкогольдық, есірткелік немесе басқаша мастану халінде болғанын куәландыратын медициналық хаттамасы (апаттық комиссар/ өкілетті орган жолдаған жағдайда);
- 6) Сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдануы бойынша, АҚ қалпына келтіру ТҚКС шоты;
- 7) Пайда алушының банктік деректемелері тіркелген, төлем алу Өтініші;
- 8) Сақтандырылған АҚ қатысты жасалған өзге сақтандыру шарттары туралы мәліметтері;
- 9) Залалдардың алдын алу немесе азайту бойынша, Сақтанушының шеккен шығындарын растайтын құжаттары;
- 10) Сақтандыру жағдайы басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқын Сақтандырушыға ауыстыру үшін қажетті құжаттары;
- 11) Пайда алушыны қылмыстық жолмен және терроршылықты қаржыландыру жолымен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы ҚР заңнамасының және Сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес тиісінше тексеру үшін, Сақтандырушыға қажетті құжаттарын және мәліметтерді тапсыруға.

9.2. Сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиғаны дәлелдеуге қажетті қосымша құжаттары (қағаз тасымалдаушыда және/немесе электронды/сканерлі түрінде жасалған көшірмелері):

1) **ЖКО кезінде** - полиция органдарына (полиция органдары тарапынан құжаттар ұсынылымай, төлем атқару жағдайларын қоспағанда); полиция органдары материалдарының көшірмелері: хаттама, ЖКО қатысушыларының түсініктемелері, ЖКО сызбасы, зардап шеккендер бар болған жағдайда – қылмыстық іс қозғау/бас тарту/тоқтата тұру қаулысы;

2) алкогольдық, есірткелік немесе басқаша мастану заттар қабылдағанын куәландыратын медициналық хаттамасы (егер, сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиға, сақтандырылған КҚ қозғалуы нәтижесінде басталған болса).

3) Егер ЖКО дәйегі бойынша қылмыстық іс қозғалып, материалдары сотқа тапсырылған болса, заң күшіне енген сот үкімі немесе сотпен шығарылған өзге сот кесімі.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселесін шешу бойынша, осы Ережелердің 9.2.бабының 1т. в)тармақшасында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді, алайда, Сақтанушы/Сақтандырылған жәбірленуші болып танылса, сақтандыру төлемдерін алған соң, аталған құжаттар шығарылғаннан кейін, Сақтанушы/Сақтандырылған оларды ұсынуға міндетті.

2) өрт кезінде:

а) Оқиға дәйегі бойынша, өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдарына өтініш;

б) Оқиға болған жерін байқау хаттамасы;

в) Өрт туралы акті;

г) өртотехникалық сараптама акті;

д) қылмыстық іс қозғау туралы қаулысы;

е) қылмыстық іс бойынша қорытынды шешім ретінде қарастырылатын, заң күшіне енген іс жүргізу құжаты.

3) Айдап кету, ұрлық, тонау, қарақшылық және үшінші тұлғалардың, басқа да құқыққа қарсы әрекеттері кезінде:

а) ішкі істер органдарына оқиға дәйегі бойынша өтініш ;

б) оқиға болған жерін байқау хаттамасы;

в) қылмыстық іс қозғау туралы қаулысы;

г) іс бойынша жәбірленуші болып танылғаны туралы қаулысы ;

д) күдікті, айыпты ретінде тарту туралы қаулысы-бар болған жағдайда;

е) істі тұжырымдайтын құжат: істі тоқтату, бас тарту туралы қаулысы немесе айыптау қорытындысы;

ж) сақтандырылған автомобиль тіркелгені туралы куәлігінің түпнұсқасы, немесе аталған құжат ұрланғаны туралы құзырлы органдардың анықтамасы, немесе сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтініш түсірген сәтте оны алып қою туралы қаулысы (тонау, қарақшылық жағдайларын алмағандая);

з) бар болған жағдайда, кілттер түпнұсқасының жиынтығы, дабыл беру пульттардың, иммобилайзерлі толық жиынтықтары. сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өтініш түсірген

4) Жерасты магистралдық құбырлар жүйесінің суымен автокөлік зақымданғанда:

– магистральдардың техникалық ахуалына жауапты құзырлы органы материалдарының түпнұсқасы немесе көшірмелері.

5) Зілзала апат, мұз астына бату кезінде:

– Гидрометқызметінің аумақтық бөлімшелерімен, мемлекеттік комиссияларымен және сақтандыру жағдайы басталған дәйегін растайтын оқиғаларды талдайтын, саралайтын және есепке алатын басқа құзырлы органдарымен құрастырылған актілері, қорытындылары.

1) б) АК әйнектері, оптикасы қарама-қарсы немесе алдағы қозғалыстағы доңғалақ астындағы тастардан немесе багаж бөліктерінен зақымданған жағдайда:

– сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымданған АК қалпына келтіру шығындары бойынша, ТКҚС шоты.

2) Жеңіл алынатын бөлшектері (айналары, сырттағы запас доңғалағы, әйнек тазартқыштары, антенналары) ұрланған жағдайда:

а) оқиға дәйегі бойынша, ішкі істер органдарына ұйғарым;

б) оқиға болған жерін байқау хаттамасы;

в) қылмыстық іс қозғау туралы қаулысы (немесе қылмыстық іс қозғауды тоқтату туралы туралы қаулысы).

9.3. Құзырлы органдардың құжаттары түпнұсқалы немесе көшірме түрінде, аталған құжатты тапсырған құзырлы органның жауапты тұлғасының қолы қойылған үлгіде немесе электронды құжат яки құжаттардың сканерленген көшірмесі түрінде ұсынылуы қажет.

10. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту шешімін қабылдау мерзімі.

10.1. Сақтандырушы, Шартта/Ережелерде белгіленген құжаттары ұсынылған және оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған сәттен 5 (бес) жұмыс күнінен асырмай, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылдап, сақтандыру төлемдерін атқарады немесе атқарудан бас тарту шешімін уәждемелеп, Сақтанушыға жолдайды.

10.2. Сақтанушы сақтандыру төлемдерін алу үшін қажетті құжаттарын келесі түрде ұсынуы мүмкін:

- электрондық үлгіде, Жеке кабинет, сайт немесе Сақтандырушының ұялы қосымшасы арқылы;
- қағаз тасымалдаушыда.

10.3. Әрбір АК қатысты сақтандыру төлемінің сомасы оның нақты (нарықтық) құнынан асуы мүмкін емес, және нақты нұқсан есебінен есептеледі, бірақ, Шартпен/Полиспен белгіленген сақтандыру сомасынан асырмай:

- АК толық жойылған/ысырап болған жағдайда, сақтандыру төлемі АК сақтандыру жағдайы басталу сәтіндегі нақты (нарықтық) құны мөлшерінде жүзеге асырылады, бірақ, аталған АК бойынша белгіленген сақтандыру сомасынан асырмай, сақтандырылған объектінің пайдалануға немесе сатуға жарамды құрама бөлшектері және франшиза мөлшері шегеріліп.

- АК ішінара зақымданғанда – қалпына келтіру шығындары мөлшерінде, немесе тозуы шегерілген, зақымданған объекті жөндеу шығындары мөлшерінде.

10.4. Автокөлік зақымданған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін соңғымен келісілген мамандырылған техникалық қызмет көрсету орталығына, Орталықтың қойған шотына және ақаулар актісіне сәйкес жүзеге асырады (Сақтандырушының талабы бойынша). Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталған соң, Сақтанушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде, орындалған жұмыстар тізбесін және құнын растайтын құжаттарды, жасалған жұмыстар атауы және құны көрсетілген, Сақтанушының қолы қойылған құжатты, сондай-ақ, қалпына келтірілген автокөлікті Сақтандырушының өкіліне тексеру үшін ұсынуға міндетті. Кері жағдайда, бұрын орын алған сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымданған детальдар бойынша, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

10.5. Егер АК меншік иесі, Орталықтың шотына жеке төлеген болса, Сақтандырушы төленген

көрсетілген қызметіне төлем атқарғанын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті (шот-фактура, орындалған жұмыстар акті және т.б.), оған АК меншік иесі және Орталықтың өкілінің қолы қойылу тиіс және қалпына келтірілген автокөлікті тапсыруға тиісті.

10.6. Жөндеу барысында ауыстыруға тиесілі (Орталықтың жөндеу туралы актіне сәйкес) автокөліктің зақымданған бөлшектерінің құнын сақтандыру жағдайы сәтінде Пайда алушыға төлеу кезінде, Сақтандырушы аталған детальдар/бөлшектерді тапсырылуын Пайда алушыдан талап етуге құқылы Бұл жағдайда, ауыстыруға тиесілі автокөліктің зақымданған бөлшектерін тапсыруға Пайда алушы кепілдік хатын ұсынғаннан кейін, сақтандыру төлемі жүзеге асырылады. Детальдар/бөлшектерді тапсыруға байланысты шығындары сақтандырумен қамтылмайды.

10.7. АК толық жойылған, (ысырап болған жағдайда), тиісті Лицензиясы бар тәуелсіз сарапшымен (бағалаушымен) қалпына келтіру үнемсіз деп танылғанда, сондай-ақ, қалпына келтіру жұмыстары АК сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап нақты құнынан 80% артық болса, Сақтандырушы Сақтанушыға төлеуге құқылы:

10.7.1. зақымданған АК сақтандыру жағдайы сәтіндегі нақты құнын, бірақ, пайдалануға жарамды қалдықтарының құны шегерілген сақтандыру сомасынан асырмай ;

10.7.2. зақымданған АК сақтандыру жағдайы сәтіндегі нақты құнын, бірақ, пайдалануға жарамды қалдықтары Сақтанушымен Сақтандырушыға тапсырылған болса. Бұл жағдайда, сақтандыру төлемі, АК бойынша Сақтанушы және Сақтандырушы арасында жасалатын қабылдау-өткізу акті құрастырылған соң, жүзеге асырылады. АК Сақтандырушыға тапсыру үшін, ол сатылу мақсатында, кеден және жол полициясы органдарында тіркелуден шығарылуға тиіс. Меншік құқын/автокөлікті/ жарамды қалдықтарын тапсыруға байланысты барлық шығындары сақтандырумен қамтылмайды.

10.8. Төленуге тиесілі сақтандыру төлемі мөлшерінен, Шартпен/Полиспен белгіленген шартсыз франшизасынан басқа, Сақтандырушы үшінші тұлғалармен Сақтанушыға өтемақы түрінде төленген барлық сомаларын ұстап қалады.

10.9. сақтандыру Шартын жасасу барысында автокөліктің нақты құны Сақтанушының Өтінішіне сәйкес белгіленеді, ал Сақтандырушы көлікті тексерген жағдайда - оның нақты құны Сақтандырушының Сақтанушымен келісуі негізінде анықталады. Сақтандыру шартын қолдану мерзімі ішінде, Шартта автокөліктің нақты құны дұрыс көрсетілмегені айқындалатын болса, Сақтандырушы оны түзетуге құқылы, соның ішінде, сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандырылған объектке келтірілген нұқсан мөлшерін есептеу барысында.

10.10. Егер, сақтандыру төлемі төленгеннен кейін, бұрын айдап кеткен/ұрланған автокөлік қайтарылатын болса, Сақтанушы/Пайда алушы алған сақтандыру төлемін, жөндеу (қалпына келтіру) шығындарын шегеріп, Сақтандырушыға қайтаруға міндетті (егер АК зақымданған болса).

10.11. Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объект бойынша сақтандыру Шартымен белгіленген франшизасы және сақтандыру сомасы ескеріліп, келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) егер сақтандыру Шартында, сақтандыру сомасы сақтандырылған объектінің нақты (сақтандыру) құны мөлшерінде белгіленген болса, сақтандыру төлемі іс жүзінде келтірілген нұқсан мөлшерінде, бірақ, осы тармақтың 3)-5) тармақшалары ескеріліп, жүзеге асырылады;
- 2) егер сақтандыру Шартында, сақтандыру сомасы Шарт жасасу сәтінде сақтандырылған объектінің нақты құнынан төмен болса, сақтандыру төлемінің мөлшері мүліктің нақты құнына мөлшерлес сақтандыру сомасына барабар есептеледі, бірақ, осы тармақтың 3)-5) тармақшалары ескеріліп, сақтандыру сомасы шегінде белгіленеді. Сақтандыру төлемінің мөлшері (СВ) келесі формула бойынша анықталады: $СВ = У \times С/СИ - F - О$, бұнда: У – нақты нұқсан мөлшері; С – сақтандыру сомасы; ДС – мүліктің нақты сомасы; F – франшиза; О – пайдалануға жарамды қалдықтары;
- 3) егер, осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында белгіленген сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру Шартында белгіленген франшизадан аспайтын болса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;

4) егер, осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында белгіленген сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асатын болса, сақтандыру төлемі сақтандыру Шартында белгіленген шартсыз франшизасы шегеріліп, жүзеге асырылады;

5) егер, сақтандыру Шартымен франшиза белгіленбеген болса, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1), 2) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

10.8. Сақтандырушы қосымша қызмет көрсетуді қамтиды:

1) эвакуатор - егер сақтандыру жағдайы басталғанда автокөлікті оқиға болған жерден эвакуациялау қажет болса;

2) мамандандырылған техника (оны тарту қажеттілігі бар болса, мысалы: АК судан тартып шығару, АК бүленделуін жою, және т.б..).

Жоғарыда көрсетілген қосымша қызмет көрсету бойынша шығындарды өтеу лимиттерінің мөлшері сақтандыру Шарты/Полисте белгіленеді және сақтандыру мерзімі тәмамдалғанша қолданады.

11. Жалпы ерекшеліктері, сақтандыруды шектеу және сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту негіздері

Егер, сақтандыру Шартымен басқасы қарастырылмаған болса, сақтандыруға қабылданбайды және сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмайды:

1) Техникалық ақаулары бар КҚ;

2) Бөлшектенген КҚ;

3) шанағының және лак-бояу жабындыларының елеулі коррозиялық немесе механикалық ақаулары бар КҚ. Шанағының елеулі коррозиясы ретінде, металды тесіп өткен коррозия саналады. Елеулі механикалық ақаулары ретінде, КҚ пайдалануға жарамсыз болған жағдайдағы механикалық зақымдары саналады;

4) шанақ нөмірі жоқ немесе тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін КҚ;

5) сақтандырылған көлік ішіндегі көне және бірегей заттар, құнды металл, жартылай құнды және ұсақ-түйек тастардан жасалған бұйымдар, жинақтар, қолжазбалар, суреттер, діни табыну заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, оқталған қаруы және жарылғыш заттар, сондай-ақ, сақтандырылғанға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес заттары, немесе сатуға арналған яки кәсіпкерлікке байланысты заттар;

б) пайдалану өтілі 7 (жеті) жылдан астам КҚ.

11.2. Сақтандырушы ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа, сақтандыру төлемін атқарудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы мыналардың нәтижесінде туындаса:

1) терроршылдық актілері ;

2) ахуалының біртіндеп нашарлауы, жасырын ақаулар, қоршаған ортаның ластануы, табиғи тозуы, атмосфераның ылғалдылығы немесе құрғақтығы, температураның төтенше және жай құбылуы, смог, ылғалдылық немесе құрғақтық нәтижесінде бүліну, коррозия, түстің немесе текстураның өзгеруі;

3) төбеден, люктан немесе терезеден су ағуы, нұқсан жол-көлік оқиғасы салдарынан болған жағдайларды қоспағанда;

4) автокөлікті толық немесе оның агрегаттары мен түйінділерін ашық от көзімен қыздыру;

5) газ-баллон жабдықтарын (бұдан былай - ГБЖ) қондыру және/немесе пайдалану, ГБЖ қондыру/пайдалану қосымша жабдық ретінде көрсетілгенін алмағанда.

11.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін атқарудан бас тарту негізі ретінде болуы мүмкін:

1) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы, Шартпен/Полиспен белгіленген мерзімде Сақтандырушыға хабарланбауы;

2) айдап кеткен немесе ұрланған сақтандырылған АК ішінде кілтті, автомобильді тіркеу куәлігін қалдыру;

3) Шартпен белгіленген жағдайларда, психоактивті заттарды қолдану және алкогольдық мастану халін анықтау мақсатында, медициналық куәландырудан өту міндетінен Сақтанушы/Сақтандырылғанның бас тартуы;

4) Егер Сақтандырылған ЖКО болған жерден автомобильде немесе онсыз таса кетсе.

5) Шартпен белгіленген жағдайларда, оқиға болған жерге өкілетті органдарды шақырту міндетінің орындалмауы;

6) Кез келден елдің хұқымына сәйкес, (Еуропалық Одағы, АҚШ, Ұлыбритания және т.б.), немесе өзге мемлекеттік және/немесе халықаралық ұйымдарымен (соның ішінде, OFAC, OFSI, ECFR, СБ ООН, FATF қосқанда, бірақ олармен шектелмей), Сақтанушы/Сақтандырылған/Пайда алушыға қатысты санкциялар салынған жағдайда;

7) Қызмет көрсету Сақтанушымен қылмыстық жолмен және терроршылықты, жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландыру жолымен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) пайдаланатынына күмәнданғанда, және/немесе Сақтанушымен заңсыз, құқықа қарсы, қылмыстық әрекеттерін жүзеге асыру мақсатында жасалғаны, және/немесе Қоғамды қылмыстық жолмен және терроршылықты, жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландыру жолымен алынған табысты заңдастыру (жылыстату) процесстеріне немесе басқа қылмыстық әрекеттер жасауға Сақтанушымен тартылғанына сезіктенгенде.

11.4.Сақтандырушы мыналарға жауапты емес:

1) Сақтандырылған көлік құралының табиғи тозу, құнсыздану немесе оның зақымдануы яки жойылуы алдындағы қалпынан жақсарту бойынша жүргізілген жөндеу жұмыстарына;

2) Шиналардың сыну, тесілу немесе кесілуіне, сақтандыру жағдайына себепті-салдарлы байланыссыз;

3) Шартта белгіленбеген немесе шығарушы зауыттың стандартты жиынтығымен қарастырылмаған автокөліктің қосымша жабдығына;

4) жабындылар, тенттер, тіркеп тартатын тростардың зақымдануы немесе жойылуына немесе оларды пайдалану нәтижесінде келтірілген нұқсанға;

5) жеңіл алынатын бөлшектерінің немесе құрал-саймандарының зақымдануы немесе жойылуына (доңғалақ қапшықтары, фирмалық белгілері, шильдиктері және сақтандырылған тәуекелдер тізіміне енгізілмеген т.б.) және автокөліктің ұрлануына қатысы жоқ;

6) нәтижесінде, немесе соларға байланысты зақымдануы/жойылуына:

• өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы, улы, жарылғыш, өртқауіпті заттарды атап айтқанда, нитроглицерин, динамит немесе соған ұқсас кез келген жарылғыш заттарды тасымалдау және сақтау;

◆ химикаттарды немесе газды сұйық, сығымдалған немесе газ тәріздес түрінде тасымалдау.

7) Кез келген залалын немесе нұқсанын, егер сақтандырылған көлік құралы:

• қауіпсіздік ережелері бұзылып немесе зақымданған/техникалық ақауы бар түрінде пайдаланатын болса;

• жарыстар, (сынақ жарыстарын алғанда), ралли, кез келген сынақтар (жылдамдық сынақтары, байқау жарыстары және ресурстық сынақтар), көлік басқаруға үйрету;

◆ егер көлік құралы такси/каршеринг/жеке тасымалдау/курьерлік қызмет көрсету түрінде пайдаланған болса (өтініш-сауалнамада такси/каршеринг/жеке тасымалдау/курьерлік қызмет көрсету түрінде пайдалану көрсетілгенін алмағанда), сақтандырылған көлік құралына келтірілген нұқсан/залал және аталған әрекеттер арасында себептік-салдарлы байланысы бар болғанынан тәуелсіз;

◆ Сақтанушы/Пайда алушы болып табылмайтын, немесе сақтандыру Шартында немесе сақтандырылған көлік құралын басқару құқы берілген тұлғалар қатарында осы Шартты жасасу барысында өтініш-сауалнамада Сақтанушымен белгіленбеген тұлғамен пайдаланса;

8) Нұқсан, егер сақтандырылған көлік құралының жүргізушісі :

◆ Аталған сақтандырылған көлік құралын басқаруға құқысыз болса

9) кез келген нұқсан, егер сақтандырылған көлік құралы, алкогольдік, есірткелік, уыттық немесе қандай болмасын психотроптық зат қабылдау әсерінен масаю күйіндегі тұлғамен басқарылған

- 10) АК механикалық ақаулары және бұзылуы;
- 11) пайдалануға, каршерингке, жалға, лизинг, кепілдікке немесе өзге азаматтық-құқықтық шарттар бойынша иеленуге (пайдалануға) берілген сақтандырылған көлік құралын қайтармауы;
- 12) жолаушыларды немесе жүкті, сақтандырылған көлік құралын қауіпсіз басқаруға зиян келтіретін көлемде немесе түрінде, немесе кез келген тұлғаға немесе мүлікке нұқсан келтіретін түрінде тасымалдау;
- 13) окшаулау немесе қысқа тұйықталу нәтижесінде келтірілген нұқсан;
- 14) газ ағыуы, қозғалтқышты газ тәрізді отынмен қуаттандыру жабдықтың (ГБЖ) битұмшалануы нәтижесінде келтірілген нұқсан);
- 15) КҚ түйіндері, агрегаттарының техникалық ақаулары, соның ішінде, олардың ішкі қуыстарына, сонымен қатар, электрондық блоктары мен электрондық құрылғыларына бөтен заттардың, жануарлардың, құстардың, заттардың, су және басқа сұйықтықтардың кіріп кетуі, сондай-ақ, қозғалтқыштың ортасындағы гидравликалық соққысына апарған сұйықтықтың немесе басқа заттардың ауасорғыштың кіреберіс құбырына кіруі;
- 16) АК әйнектері, оптикасы қарама-қарсы немесе алдағы қозғалыстағы доңғалақ астындағы тастардан немесе багаж бөліктерінен зақымдануы, сонымен қатар, жеңіл алынатын детальдарының ұрлануы (сыртқы айналар, сырттағы запас доңғалығы, әйнек тазартқыштары антенналары) сақтандыру Шартын қолдану кезеңі ішінде бір мәртеден астам болған сақтандыру жағдайы барысында, егер сақтандыру Шартымен басқасы қарастырылмаған болса.
- 17) Сақтанушымен немесе сақтандырылған көлік құралын басқару құқы берілген тұлғамен КҚ пайдалану ережелерінің бұзылуы, соның ішінде, КҚ пайдалану нұсқаулығын, өрт қауіпсіздігін, өртқауіпті және жарылғыш заттар мен бұйымдарды тасымалдау, тиеу-түсіру, сақтау ережелерін, жүк тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзуы.

11.5.Өтелмейтіні:

- 1) Моральдық зиян, алынбай қалған пайда, тұрақсыздық айыбы, (айппұл, өсімақы), тауар түрін жоғалту, сақтандырылған көлік құралын жойылу немесе зақымдану алдындағы күйіне жеткізу мақсатында, жақсарту/жаңартуға байланысты шығындары.
- 2) сақтандыру Шартын жасасу сәтінде, КҚ байқау актісінде (және/немесе Сақтандырушының өкілімен/Сақтанушымен КҚ байқау кезінде фото/бейне материалдарында) тіркелген, КҚ болмаған немесе зақымданған детальдары мен агрегаттары.

11.6. Сақтанушымен осы Шарттың сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы ережелерінің сақталмауы, Сақтанушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуға аарады. Сақтандырушыны сақтандыру төлемдерін Сақтанушыға атқарудан босату, Сақтандырушыны бірмезгілде Пайда алушыға сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатады.

11.7.Сақтандыруды қорғау Сақтанушының немесе жүргізушінің жеке заттарына және жолаушының багажына, сонымен қатар, Сақтанушының кәсіби немесе коммерциялық іс-әрекеттерімен байланысты, КҚ ішіндегі тауарлары мен бұйымдарына таралмайды, егер сақтандыру Шартымен басқасы қарастырылмаған болса.

11.8.сақтандыру Шартымен, осы Ережелерде белгіленбеген өзге шектеулері болуы мүмкін, сондай-ақ, Сақтандырушымен жоғарыда көрсетілген шектеулері сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

12.Сақтандыру шартын қолдану мерзімі және аясы.

12.1. Сақтандыру Шарты 12 (он екі) айға жасалады, егер басқасы сақтандыру Шартымен көзделмеген болса, Жазылым бойынша сақтандыруды алмағанда.

12.2. Жазылым бойынша сақтандыру Шарты 1 (бір) айға немесе басқа кезеңге жасалады, және төлем жасалған болса, автоматты түрде айсайын немесе басқа мерзімге ұзартылады, егер сақтандыру Шартымен басқасы қарастырылмаған болса.

12.3. Сақтандыруды қорғау мерзімі сақтандыру Шартының мерзіміне тұра, егер сақтандыру Шартымен басқасы қарастырылмаған болса.

12.4.Сақтандыру аумағы болып, Қазақстан Республикасы табылады, егер басқасы сақтандыру Шартымен көзделмеген болса.

13. Сақтандыру шартын өзгерту және тоқтату ережелері

13.1. Осы Ережелердің (сақтандыру Шартының үлгісі) 4 Бөліміндегі 4.2т. 1) тармақшасына сәйкес Тараптармен жасалған сақтандыру Шартына өзгертулер мен толықтырулары, сақтандыру Шартына қосымша келісім құрастыру және оған қол қою жолымен ресімделеді, бұл жағдайда, сақтандыру сыйлықасын есептеу/қосымша төлеу үйлесімділік негізінде, шартпен белгіленген сыйлықақы есебінен күндерде жасалады.

13.2. Осы Ережелердің (сақтандыру Полисінің үлгісі) 4 Бөліміндегі 4.2т., 4.3т. 2) тармақшасына сәйкес Тараптармен жасалған сақтандыру Шартына өзгертулер мен толықтырулары, Полисті бұзу және жаңасын жасасу жолымен ресімделеді.

13.3. Осы Ережелердің (электронды үлгісі) 4 Бөліміндегі 4.3т сәйкес Тараптармен жасалған сақтандыру Шартына өзгертулер мен толықтырулары Жеке кабинет арқылы, сақтандыру Шартына қосымша келісім құрастыру жолымен ресімделеді, бұл жағдайда, сақтандыру сыйлықасын есептеу/қосымша төлеу үйлесімділік негізінде, шартпен белгіленген сыйлықақы есебінен күндерде жасалады.

13.4. Полис мерзімінен бұрын бұзылған және жаңасы жасалған жағдайда, Сақтанушы-келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне (бұзылатын Полис бойынша) құқылы:

$ЧСП = СП * n/N$, бұнда:

ЧСП – Сақтандырушымен ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

СП – Полис бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

n - Полис күшіне енген сәттен, оның мерзімінен бұрын бұзылуы сәтіне дейінгі мерзімі (күндерде), жүгіну күнін қосқанда;

N - Полис жасалған мерзімі (күндерде).

- Жаңа Полисті сақтандыру барысында, бұзылған полис бойынша қалған сыйлықақыны ескеруге, ал жаңа Полис 12 айдан кем мерзімге жасалған жағдайда, қалған кезеңнің сыйлықақысын күндерде есептеуге (жылдық сыйлықақысына үйлесімді), осы Ережелердің 6.4.т. бойынша емес.

13.5. Сақтандыру шартын/Полисті қолдану келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) Сақтандыру шартын/Полисті қолдану мерзімінің аяқталуы;

2) Сақтандыру шартын/Полисті қолдануды мерзімінен бұрын тоқтату;

3) Сақтандырушының сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Шарт/Полистің ережелерімен белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде толық төлеуі;

4) ҚР заң актілерімен қарастырылған тәртіпте Сақтандырушымен берілген сақтандыру Полисіне енгізілген ережелер мен мәліметтерінің өзгеруі;

13.6. Шарт/Полис мерзімінен бұрын Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабына сәйкес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша бұзылуы мүмкін.

13.7. Сақтандыру шартын/Полисті мерзімінен бұрын бұзу ниеті туралы Тараптар бұзуы болжанған датасынан 30 (отыз) күнтізбелік күнінен кем емес мерзімде бір-біріне ұйғаруға міндетті.

13.8. Шарт/полис Сақтанушының талабы бойынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841б.1т. қарастырылған негіздерге сәйкес мерзімінен бұрын бұзылатын жағдайда, Сақтандырушы шарт/полисті қолдану өтпеген кезеңі бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын, шеккен шығындары сақтандыру сыйлықақысынан 25% құрайтын сомасын және шарт/полис бойынша аталған сақтандыру объектіне қатысты жасалған сақтандыру төлемдерін шегеріп, келесі формула бойынша есептеп, қайтарады:

$C = П - ((П / C_p) * K) - (П * 25\%) - B$, бұнда:

C – қайтарылатын сақтандыру сыйлықақысы;

П – Шарт/Полиске сәйкес сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;

C_p – сақтандыру мерзімі (күндері);

K – пайдаланған күндер саны;

B – жүзеге асырылған/атқаруға тиесілі төлемдер мөлшері;

25% - іс жүргізу шығындары.

Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, іс жүргізу бойынша шығындарын ұстап қалу Сақтандырушының құқы болып табылады.

13.9. Егер Сақтанушының талаптары, Сақтандырушымен Шарт/Полистің ережелері орындалмауы немесе тиісінше орындалмауына байланысты болса, Сақтандырушы Сақтанушымен аталған Шарт/Полис бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын толық соңғыға қайтарады.

13.10. Шарт/Полис Сақтандырушының талабы бойынша тоқтатылған жағдайда, соңғысы Шартты қолдану өтпеген кезеңі бойынша Сақтанушымен төленген сақтандыру сыйлықасын іс жүргізу шығындары 25% құрайтын сомасын және осы Шарт бойынша аталған сақтандыру объектіне қатысты жасалған сақтандыру төлемдерін шегеріп қайтарады.

13.11. Шарт/Полис Қазақстан Республикасының АҚ 841 б. 2т.қарастырылған негіздер бойынша, Сақтанушының талабына сәйкес мерзімінен бұрын бұзылатын болса, және ол Қазақстан Республикасының АҚ 841 б. 1т.белгіленген, сондай-ақ, осы Ережелердің 13.12т белгіленген жағдаяттарға байланысты емес болса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы, немесе оның бөлігі қайтарылмайды.

13.12. Сақтанушы-жеке тұлға, сақтандыру Шарты жасалған күнінен он төрт күн ішінде сақтандыру Шартынан бас тартатын болса, Сақтандырушы сақтандыру Шартын қолдану уақытына барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін, сонымен қатар, сақтандыру Шартын бұзуға байланысты шеккен шығындарын 10 % дейін, алған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) шегеріп, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Сақтанушы-жеке тұлғаға қайтарады.

13.13. Сақтандыру сыйлықақысы бөліп төленген жағдайда, кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы енгізілмеген болса, осы Шарт/Полис бойынша сақтандыруды қорғау төлем мерзімі өткен күнінен кейінгі күннен бастап тоқтатылады, және сақтандыру жағдайы басталғанда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін аталған кезеңде жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Сақтандыруды қорғау Шарт/Полиспен белгіленген тәртіпте, кезекті сақтандыру жарнасы төленген сәттен жаңғыртылады.

14. Қоссақтандыру

14.1. Қоссақтандыру – бір объекті, бірнеше сақтандырушылармен әр қайсысымен жеке шарт жасасу арқылы сақтандыру.

14.2. Қоссақтандыру барысында Сақтандырушы, жасалған сақтандыру Шарты шегінде Сақтанушы (Пайда алушы) алдында мүліктік жауакершілігін көтереді, бірақ, Пайда алушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты келтірілген нұқсаннан асуы мүмкін емес.

14.3. Қоссақтандыру барысында, Сақтанушы сақтандыру жағдайы аяқталған соң, басқа компанияларда сақтандыру төлемдері бойынша мәселелерді реттеуге қатысты барлық ақпаратты Сақтандырушыға тапсыруға міндетті, соның ішінде, өзге сақтандыру компаниялардан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерін.

14.4. Қоссақтандыру барысында, Сақтандырушы басқа компаниялармен бірлесіп, сақтандыру жағдайы белгісі бар оқиғаның себептері мен жағдаяттарын анықтауға, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін белгілеуге құқылы.

15. Сақтандыру шартын қолдану кезеңінде, сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдарлары Сақтандыру шартын қолдану кезеңінде, Сақтанушы/Сақтандырылған өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу барысында Сақтандырушыға хабарланған мәліметтердегі маңызды өзгерістері туралы жазбаша түрде жедел соңғыға ұйғаруға міндетті, егер аталған өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер ететін болса.

15.2. Маңызды өзгерістер ретінде танылатыны:

- сақтандыру объектінің сипаттамасының өзгеруі;
- АҚ сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
- АҚ меншік құқығын басқа тұлғаға ағысқы;

- АК Өтініш-сауалнамада белгіленген мақсаттардан тыс пайдалану;
- қоссақтандыру;

- Сақтандыру шартын жасасу барысында, Өтініш-сауалнамада берілген мәліметтердің өзгеруі.

15.3. сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына аппаратын жағдаяттар туралы хабардар Сақтандырушы, сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы

15.4. Егер Сақтанушы/Сақтандырылған сақтандыру шартының ережелерін өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл жағдайда, сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі сақтандыру шартымен белгіленеді.

15.5. Сақтанушы немесе Сақтандырылған осы бөлімнің 15.1.т. қарстырылған міндетін орындамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және шарт бұзылуына байланысты келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

15.6. Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқысыз, егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына аппаратын жағдаяттар жоққа шықса.

16. Суброгация

16.1. Келтірілген нұқсанға жауапты тұлғаға Сақтанушының талап қою құқы, сақтандыру төлемін атқарған Сақтандырушыға төлеген сомасы шегінде ауысады. Сақтанушы, нұқсанды өтеу талап құқын жүзеге асыру үшін қажетті барлық қолда бар құжаттарын Сақтандырушыға тапсыруға міндетті.

16.2. Егер Сақтанушы, Сақтандырушымен өтелген залалдарға жауапты тұлғаға талап қою құқынан бас тартса, немесе аталған құқықты пайдалану Сақтанушының кінәсі бойынша мүмкін емес болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады, және артық төлеген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

17. Форс мажор

17.1. Форс-мажор – төтенше жағдаяттар, олар басталғанда, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерін атқарудан босатылады, егер оларды орындамау сақтандыру шартын жасасудан кейін, күтпеген және қарсыласа алмайтын төтенше сипаты бар оқиғалар нәтижесінде туындаған еңсерілмес күштерінің салдары болып табылса.

17.2. Форс-мажорлық жағдаяттарға кіретіні, бірақ онымен шектелмейтіндері: тасқын су, өрт, жер сілкінуі және басқа зілзала апаттары, соғыс немесе өзге соғыс қимылдары, оқшаулау, мемлекеттік органдарымен тыйым салу.

17.3. Еңсерілмес күштер жағдаяттары туындағанда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіншілігі болмаған Тарап, аталған жағдаяттар туындаған датасынан 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде, екінші Тарапқа аталған жағдаяттар және оның себептері туралы жазбаша ұйғарымын жолдауға міндетті. Форс-мажорлық жағдаяттары құзырлы органдардың құжаттарымен расталуы тиіс.

18. Өзге шарттар

18.1. Шартты орындау барысында, Сақтандырушы және Сақтанушы жемқорлықтың алдын алу және Қоғамның Жемқорлыққа қарсы саясатын және жемқорлыққа қарсы заңдарын сақтау үшін, барлық шараларды қолдануға міндеттенеді, соның ішінде, әр Тарап, олардың үлестес меншік иелері (қарымқатынастас) тұлғалары, қызметкерлері және делдалдары ақшалай қаражатты, гонорарларды, заемдарды, сыйлықтарды және өзге тиіссіз төлемдер мен табысты яки басымдылықты өз пайдасына және үшінші тұлғалардың пайдасына, Шартқа қатысты олардың әрекеттеріне және шешімдеріне ықпал жасау мақсатында немесе шартты орындауға байланысты басқа да заңсыз артықшылықтарды алу үшін тікелей немесе жанама ұсынуға немесе төлеуге құқысыз екендігіне кепілді болады.

18.2. Осы Ережелермен тікелей реттелмен құқықтық қарымқатынастарға ҚР қолданыстағы заңнамасының нормалары, сонымен қатар, сақтандыру Шартымен/Полиспен белгіленген ережелері қолданады.

18.3. Осы Шартты қолдану барысында туындайтын барлық даулар мен қайшылықтар Тараптармен өзара келісу жолымен шешіледі. Келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта шешімін табады.

18.4. Сақтанушы Сақтандырушының мүддесіне қарсы келетін әрекеттер жасамауға, сондай-ақ, қандай болмасын міндеттелерді өзіне жүктемеуге, қандай болмасын ұсыныстар қабылдамауға, Сақтандырушының жазбаша рұқсатысыз, осы сақтандыру шартына қатысты төлемдер атқармауға немесе немесе атқаруға уағдаласпауға.

18.5. сақтандыру Шартын/Полис жасасу барысында Тараптар осы Ережелердің жеке талаптарын өзгертуге (шектеуге) және/немесе сақтандыру Шартына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

Номер документа: 83
напарка

